# Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы сұйытылған газ жеткізілімдерін реттеу және бағасын тұрақтандыру жөнінде жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 15 қарашадағы N 319-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы сұйытылған газ жеткізілімдерін реттеу және бағасын тұрақтандыру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Қиынов Ләззат Кетебайұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, жетекші

Пирогов Алексей Георгиевич - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Газ өнеркәсібі департаментінің директоры, жетекшінің орынбасары

Тәшметов Алмас Жұмабайұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Газ өнеркәсібі департаменті газ өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау және маркетингі басқармасының бастығы, хатшы

Василинюк Татьяна Ивановна - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Заң қызметі, мемлекеттік құпияларды қорғау және жұмылдыру жұмысы департаментінің директоры

Оразғұлов Расул Қабдолұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Салалық органдардың шығыстарын жоспарлау департаменті директорының орынбасары

Досмұратова Нұргүл Гинаятоллақызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті энергия ресурстарын кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасының бастығы

Ержанова Сәбира Ахметқызы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті

қорғау комитеті бәсекелестікті қорғау басқармасының бастығы

Майтиев Азамат Бақдәулетұлы - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің өткізгіш құбыр және су кәріздері жүйелері саласындағы реттеу және бақылау департаменті өткізгіш құбыр және су кәріздері жүйелері саласындағы реттеу басқармасының бастығы

Ғайнуллиев Амантай Өтегенұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің N 1 өңіраралық салық комитеті келісім-шарттарды талдау және сараптау басқармасының бастығы.

2. Жұмыс тобы бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне елдің ішкі нарығындағы сұйытылған газ жеткізілімдерін реттеу және бағасын тұрақтандыру жөніндегі шаралар бойынша ұсыныстар енгізсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК